

ТОКMS-426 келісім-шарты бойынша өзара талаптарды реттеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 5 шілдедегі N 724 Қаулысы

ТОКMS-426 келісім-шарты бойынша өзара талаптарды реттеу мақсатында
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. "ITOCHU Corporation" компаниясы (бұдан әрі - Иточу) мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ТОКMS-426 келісім-шарты (бұдан әрі - келісім-шарт) бойынша өзара талаптарды реттеу туралы ұсынысы қабыл алынсын, оның шеңберінде **Иточу**:

1) келісім-шарт бойынша орындалған жұмыстар үшін өтемақы ретінде 1151,7 миллион жапон йенасы мөлшеріндегі соманы қабылдап алады;

2) аванстық төлем сомасы (15% - келісім-шарттың құны) мен өтемақы ретінде қабылдап алынған сома (1151 миллион жапон йенасы) арасындағы айырманы қайтаруды жүргізеді, бұл 1701 миллион жапон йенасын құрайды;

3) келісім-шарт бойынша барлық мәселелерді берушілермен реттейді.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен "Қарметкомбинат" мемлекеттік акционерлік қоғамы (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен Иточумен тиісті келісім жасассын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі